



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 008 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2 0 0 7 жылғы 26 ақпан**

Қисық кірістілікті қалыптастыру туралы

Қаржы нарығындағы қысқа мерзімді қисық кірістілікті қалыптастыру туралы бұрын жасалған мәлімдемелерге сәйкес Ұлттық Банк 2007 жылғы 1 наурыздан бастап айналыс мерзімі 1 жылға дейінгі ноталарды шығаруға кіріседі. Бұл ретте 91-күндік және 182 күндік ноталар 2007 жылғы наурызда шығарылатын болады.

**Ноталарды шығарудың 2007 жылдың наурыз айына
арналған кестесі**

күні	Айналыс мерзімі, күн	Жарияланған шығару көлемі, млрд. теңге
02.03.2007	91	200
09.03.2007	28	200
16.03.2007	28	200
23.03.2007	182	200
30.03.2007	28	200

Қисық кірістілікті қалыптастыру үшін Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығарудың көлемін едәуір ұлғайту және олар бойынша сыйақы ставкаларын көтеру қажет. Бұл Ұлттық Банктің ноталарға қызмет көрсету бойынша шығындарының едәуір өсуіне әкелетіндігіне қарамастан, Ұлттық Банк «дұрыс» қисық кірістілікті қалыптастыру үшін осы шараларға баруға дайын.